



Педагогикалық кеңестер.(ПК)

Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын бала дамуының психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзыреттілікті меңгеруге көмек беру.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	№1 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Жаңа оқу жылын ұйымдастыру және білім беру жұмыстарын жоспарлау»	31.08.2022	
1	1. Балабақшаның жылдық жоспарын күн тәртібін бекіту. 2. Жаңа оқу жылының бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктілігі және дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша 2022 жылға арналған әдістемелік ұсынымдармен танысу. 3. Баяндама: «Бала біздің болашағымыз» 4. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту. 5. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту		Меңгеруші М.Бибосынова Әдіскер С.Мусирепова Меңгеруші М.Бибосынова Меңгеруші М.Бибосынова
	№2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы	28.10.2022	
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметтерінің үлгілік қағидалары. 3. Балабақшадағы балалардың денсаулығын тексеру нәтижесін сараптау. 4. «Күздің ғажайып сырлары» балалар шығармашылығын талдау		Меңгеруші М.Бибосынова С.Мусирепова М.Бибосынова Л.Галеева Меңгеруші, әдіскер Тәрбиешілер
3	№3 педагогикалық кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар» (Баяндама) 3. Жарты жылдық қорытынды. 4. Мониторинг технологиясының тиімділігі туралы 5. Сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру	29.12.2023	
			М.Бибосынова Тәрбиеші А.Карабаева М.Бибосынова Педагогтар
4	№4 педагогикалық кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жаңартылған мазмұны жайында білім беру процесі. 3. «Сіз қандай тәрбиешісіз» тәрбиешілерге арналған тест	23.02.2023	
			Меңгеруші М.Бибосынова Педагогтар К.Исмаилова Педагогтар
5	№5 педагогикалық кеңес 1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмысына есеп беруі. 3. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту. 4. Қортынды мониторинг	26.05.2023	
			Меңгеруші Г.Баймаганбетова Тәрбиешілер М.Бибосынова Әдіскер С.Мусирепова

№1 Хаттама

Мерзімі: 31.08.2022ж

Қатысқандар саны:

Күн тәртібі.

Тақырыбы: Жаңа оқу жылын ұйымдастыру және білім беру жұмыстарын ұйымдастыру

1. Балабақшаның жылдық жоспарын күн тәртібін бекіту.
2. Жаңа оқу жылының бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктілігін және дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша 2022 жылға арналған әдістемелік ұсынылымдармен танысу.
3. Баяндама: «Бала біздің болашағымыз»
4. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

Бірінші мәселеде сөзге шыққан балабақша меңгерушісі М.Бибосынова жаңа оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін бекіту туралы сөз жүргізді. Жаңа оқу жылына түзілген жоспар және күн тәртібі туралы мәліметтер жасады. Жоспарды, күн тәртібін жоспарлауда жоғарыдан берілген нұсқаулықтар мен сәйкестігі айтылды. Қысқаша мазмұнымен таныстырылды. Қатысушылар жоспармен, оның орындалуы керек болған жұмыстарымен және күн тәртібімен де танысып шықты. Жоспар мен күн тәртібі бекітуді мақұлдады және жыл бойы жұмыстарды жоспарға сәйкес жүргізу шарттары белгіленді. Жоспар мен күн тәртібі бекітілсін деген ұсыныстар білдірді.

Екінші мәселеде жаңа оқу жылының бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктілігін, дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша 2022 жылға арналған әдістемелік ұсынылымдарымен танысу туралы балабақша әдіскері С. Мүсірепова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде жылдан жылға мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына жаңалықтар мен өзгерістер енгізілуде. Қазіргі таңда жаңашылдықпен, жаңа әдістемелермен бала тәрбиесіне оның білімдерін жетілдіруге, дағдыларының дамуына жаңашылдық пен жұмыстарды талапқа сай жүргізуді осы жыл басынан қолға алып, оның онымен тиянақты жұмыстар жүргізіп отырылуы керектігі атап өтті. Осы жоғарыда айтылғандары орындауда 2022жылға арналған әдістемелік ұсыныстар туралы сөз жүргізілуі. Ұсынымдармен таныстырылып толқыға салынды. Тәрбиешілер өз пікірлерін ортаға салды және мониторинг жүргізілді әдістемелік ұсынымдардан кеңінен пайдалану керектігі айтылды.

Үшінші мәселеде тәрбиеші А.Қарабава «Бала біздің болашағымыз» атты тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада болашақ ұрпақты тәрбиелеу, біліктіліктерін арттыру, дағдыларын дамытуына кеңінен көңіл бөлу керек екендігін айтып өтті. Баяндама мазмұнды, тақырып дұрыс таңдалғандығы және тақырып мазмұнын толық түсінікті тәсілде баяндады. Тыңдаушылар тарапынын баяндамашыға сұрақтар қойылды және баяндамашы жазуда қай әдебиеттер пайдаланғанын жас тәрбиешілер сұрады. Әр бір баланың әдепті болуына, білімге құштарлығы оятуда ата-ана мен тәрбиешелердің рөлі орасан зор. Мысалы: Балам 3 жасқа толды тәрбиелеуді бастасам бола ма? данышпаннан сұраған екен бір кісі. Данышпан сен 4 жылға кешіктің деген екен. Бұл мысалдан қорытынды бала тәрбиесімен ана құрсағында тәрбиелеу басталады деген екен. «Жас баланы тәрбиелеген, жас шыбықты игендей» т.с.с мақалдардан пайдаланғандығын айтып өтті.

Бесінші мәселеде аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту туралы сөз жүргізілді. Бұл мәселеде сөз алған балабақша меңгерушісі М.Бибосынова комиссия құрамын мүшелерін сайлау бойынша кімде қандай ұсыныс бар, кімдерді сайлауға лайықты деп санайсындар деген сұрақтар қойды.

А.Қарабаевалар сайлансын деген ұсыныс білдірді. Жиынға қатысушылар ортаға тасталған ұсынысты қолдап осы кісілер сайлансын деп дауыс берді.

1. Балабақшаның жылдық жоспары, күн тәртібі жоспарлары бекітілсін.
2. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуыны мониторинг жүргізуде 2022жылға арналған әдістемелік ұсыныстардан кеңінен пайдалансын.
3. Баяндама қанағаттанарлы деп бағалансын
4. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бекітілсін.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамыны төмендегілер сайлансын

M. Reed-
 Conf-
 Gf-
 Conf-
 Prof-

А.Қарабаева

С.Мусірепова

№2 Хаттама

Мерзімі: 28.10.2022ж

Қатысушылар саны:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы»

Күн тәртібі.

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметтерінің үлгілік қағидалары.
3. Балабақшадағы балалардың денсаулығын тексеру нәтижесін сараптау.
4. «Күздік ғажайып сырлары» балалар шығармашылығын талдау.

Бірінші мәселеде сөзге балабақша меңгерушісі М.Бибосынова шықты. Ол өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Өткен кеңес шешімдерін орындалуы қанағаттанарлы деп бағалана тұра кемшіліктері де болды. Өткен кеңес шешімінде балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуде әдістемелік ұсыныстардан пайдалану жұмыстарын кеңінен пайдалану жұмыстарында әлі күнге дейін кемшіліктер кездесуде.

Атестаттау комиссиясының құжаттарды топтау, жинақтау жұмыстарында да кемшіліктерді тез арада жою жұмыстарын жүргізуді талап етті.

Екінші мәселеде мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары туралы сөз алған С. Мусирепова балабақшада жүргізіліп жатқан жұмыстар мен тәрбие істері қағидаларға сәйкестігін айта өтті. Үлгілік қағидалардан деңгейін айта келе қызметкерлерге әрбір жұмыстың орындалуын мерзімінде үлгілік қағидаға сәйкес жүргізе білуге дағдыларын нығайтуға шақырды. Мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыстар қазіргі таңда жаңартылған мазмұнда және қағидалар үлгіліктерінде жаңалықтар енгізілген, осы сияқты жаңалықтармен кеңінен таныса өтіп жұмыс жасауға шақырды. Тәрбиешілердің ой-пікірлері тыңдалды және алдағы уақытта мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру сапасын жоғарылатуды жаңартылған мазмұнда, үлгілік қағидалардан пайдаланып, оған сәкес жүргізуге шақырды.

Үшінші мәселеде: Балабақшадағы балалардың денсаулығын тексеру нәтижесін сараптау туралы балабақша медбикесі З.Барболова сөзге шықты. Оқу жылының барысында балалардың денсаулығын тексеру жұмыстарын жүргізіліп отырды. Ертеңгілік балалардың қабылдау уақытында, балалардың қызуы (температурасы) күнделікті тексеріледі. Балалардың дене тазалығына да күнделікті тексерулер жүргізілді. Ертеңгі уақытта гимнастика өткізілді. Балалардың дұрыс тамақтануына назар аударылды. Балалардың денсаулықтарына жүргізілген жұмыстарға сараптама жасалып қанағаттанарлы деп бағалады. Сараптама қорытындысы нәтижесі медбике З.Барболова алдағы уақыттарда топ тәрбиешілері және ата-аналарымен байланысты кең көлемде жүргізілуін жүктелді.

Төртінші мәселеде: «Күздің ғажайып сыйлары» атты тақырыпта балалар шығармашылықтары туралы сөз жүргізілді. Мәселе бойынша сөзге балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алып, әр топ балалары жоғарыда аталған тақырып бойынша шығармашылықтарына тоқталып өтті. Балалардың суреттерінде күзгі көріністер, күзгі табиғат, жапырақтарды түсіп жатқаны, жерге төселіп жатқандар тамаша суреттеген, балалардың қызығушылықтары жоғары екенін дәлелді болып отыр. Суреттерді салуда түстердің тандаулары,

табиғатты бейнелеулері балалардың бейнелеу өнеріне баулуды әр бір балаға көп көңіл бөлгендігі балалар еңбегінде айқын көрініс болып отыр.

Алдағы уақыттарда балалардың шығармашылықтарын дамыту жұмыстарын қарқынын түсірмеу, әр бір топ жетісінің назарынан тыс қалмауын ескертті. Балалардың шығармашылық жұмыстары қанағаттанарлы деп бағаланды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалу қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларынан күнделікті жұмыстарда колданылсын.
3. Балалардың денсаулықтарын тексеру нәтижесінің сарапталуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
4. Балалар шығармашылықтары қанағаттанарлы деп бағалансын.

Төрайымы:

Хатшы:



М.Бибосынова

С.Мүсірепова

№3 Хаттама

Мерзімі: 29.12.2022ж

Тақырыбы: « Жарты жылдық жұмыс қорытындысы»

Күн тәртібі

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар» баяндама
3. Жарты жылдық қорытынды
4. Мониторинг технологиясының тиімділігі туралы.
5. Сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі М.Бибосынова сөзге шығып өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып шықты. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, балалардың денсаулықтарын тексеру нәтижесіне сараптама жасау шешімдерінде кемшіліктер болғанын айтып өтті. Алдағы уақыттарда шешімдердің дер кезінде орындау керектігін және сол жұмыс бойынша жауапты кісілер белсенділік танытып тапсырмана дер кезінде орындаулары қажет, олай болмаса жұмыс нәтижесі қанағатсыз деп есептелетінін айтып, ескертпелер жасады.

Екінші мәселеде «Білім беру мазмұнын жақсарту жағдайында білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар» атты тақырыпта балабақша әдіскері С.Мусирепова баяндама жасады. Баяндамада баяндамашы білім беру нәтижесіне қойылатын талаптарды атап шығып білім беруде талаптарға сай білім беру мазмұнын жақсарту, балалардың білімге деген қызығушылықтарын дамыту жұмыстарына мұқият көңіл бөліп отыруларын ескертіп шықты.

Білім беру мен тәрбие жұмыстарын қатысты талаптардың жыл сайын күшейтіліп, жаңартылғанынан хабардар болу, жаңа тәсілдер мен әдістемелерді жиі-жиі пайдалану керектігін ортаға салды.

Баяндамада мазмұны жағынан кең көпшілікке ұнамды, қаралған мәселелер орынды, жалпы айтқан баяндама қанағаттанарлық жасалды.

Үшінші мәселеде жарты жылдық қорытындысы туралы сөз жүргізілді. Бұл мәселеде балабақша әдіскері С.Мусирепова тәрбиешілердің жарты жылдық жұмыстарына қорытынды жасады. Қорытынды нәтижесі әр бір тәрбиешінің атқарған жұмыстарының қарқынына байланысты жоғары орта төмен деп бағалап өтті. Қорытындыда жарты жылда атқарылған жұмыстарының барлығына бір-біріне тоқталып олардағы кемшіліктер туралы айтылып, кемшіліктерді тез арада жоюларын айтып шықты.

Қорыта келе жарты жылдық жұмыстарының жүргізілуіне қанағаттанарлық деген бағаға лайықтыны, белсенді жұмыс атқарғанды біз де лайықтыға санап отырамыз деп кесіп айтты. Алдағы уақыттарда әр бір жұмысты дер кезінде және кемшіліксіз орындауға талпынып жүрулерін айтып шықты.

Төртінші мәселеде мониторинг технологиясының тиімділігі туралы сөз жүргізілді. Бұл мәселеде жиынға қатысқанда өз тәжірибелеріне мониторинг технологиясын қалай пайдаланғандығын және оның тиімді жақтарын айтып шықты.

Мониторинг атқарылған жұмыс нәтижелерін анық көрсетуші тәсіл, сондықтан да анық тиімділігі мол.

Мониторинг көрсеткіштер кімнің қалай жұмыс атқарғанын, анық жұмыстарына баға беріп нәтижесінде тәрбиешілердің тәжірибелі, санаты жоғары екендігі, ол нәтижесі төмендерінің іс - тәжірибесі аз екенін анықтау да тиімділігі орасан зор.

Қарапайым сөзбен айтатын болсақ мониторинг атқарылған жұмыс айнасы деуге болады, және оның тиімді тәсілдері мол.

Кезектегі бесінші мәселеде сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру туралы сөз жүргізілді. Сөзге шыққан балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырылғандығы, онда белгіленген сауықтыру жұмыстарды тиімдігіне мән беру керектігін айта келе сауықтыру жұмыстарының барлық элементтеріне назар аудару әрбір элементті тиімді пайдалануға дағдыландыруды нығайту жұмыстарын қолға алуға шақырды. Сауықтыру жұмыстарын тиімді жүргізу бала денсаулығына ықпалы зор. Ертеңгілік дене шынықтыру (гимнастика) жұмыстарында қимыл –элементтерін түгел, қатесіз орындауларын қадағалау жұмыстарын көп көңіл бөлу керектігі атап өтті және балалардың дене тазалығына да көп көңіл бөлу керектігі ескертілді. «Тазалық- денсаулық кепілі» мақалы босқа айтылмаған. «Жаны тазаның, тәні таза» деген мақалдың да жаны бар. Жалпы балалар дене тазалығы және балабақша, балабақша тазалығына көп көңіл бөлу шарттылығы айтылды.

Осымен педагогикалық кеңес өз ісін аяқтап төмендегідей шешімдер қабылдады.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. «Білім беру мазмұнын жаңартылған жағдайда білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар» атты тақырыптағы баяндама қанағаттанарлы деп есептелсін.
3. Жарты жылдық қорытынды қанағаттанарлы деп бағалансын.
4. Мониторинг технологиясының тиімділігі кеңінен пайдаланылсын.
5. Сауықтыру жұмыстары тиімді ұйымдастырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



М.Бибосынова

С.Мүсірепова

№4 Хаттама

Мерзімі: 23.02.2023ж

Қатысқандар саны:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны»

Күн тәртібі.

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жайында білім беру процессі.
3. «Сіз қандай тәрбиешісіз» тәрбиешілерге арналған тест.

Бірінші мәселеде балабақша меңгерушісі Г. Баймаганбетова сөзге шығып өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Өткен кеңесте тыңдалған баяндама мазмұны бойынша жұмыстардың барысындағы кемшіліктерді жою, қорытынды (ж.ж) жағы кемшіліктер және сауықтыру жұмыстарын жүргізудегі жұмыстардағы кемшіліктер туралы айтып шықты. Аталған кемшіліктерді тез арада жою керек екенін ескертіп өтті. Жалпы қорыта айтқанда өткен кеңес шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлы деп бағаланды. Кеңес шешімдерінің орындалуын өз уақытында орындауға шақырды.

Екінші мәселеде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру процессі туралы сөзге балабақша әдіскері С.Мусирепова сөз алды. Ол өз сөзінде білім беруден жаңартылған мазмұныны тоқталып өтті. Қазіргі таңда оқытудың, білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын, күннен күнге білім беру мен тәрбиелеудің жаңа түрлері дамып бара жатқанын, оған деген талаптардың өзгеріп отырғанын сөз етті.

Тәрбиелеу мен білім беру процессі өмір бойы жүргізілетінін даналардың «Бесіктен кабірге дейін білім ізде» деген нақыл сөзі мен дәлел етуге болады.

Жас өспірімдерді тәрбиелеу «Жас шыбықты игендей» дегендей іскерлікті, білімді талап ететін жәйіт. Жастайынан берілген тәрбие дұрыс болмаса ол жеткіншектің болашағы күнгірт. Сондықтанда білім беру мен тәрбие процессінде біліктіліктің маңызы зор. Қазіргі таңда бала бақшаларда жұмыстар жаңартылған мазмұнда білім мен тәрбие жұмыстарына үлкен назар аударылуда.

Үшінші мәселеде «Сіз қандай тәрбиешісіз?» атты тақырып бойынша тәрбиешілер арасында тест алынды. Тест сұрақтарын дайындауда балабақша әдіскері С.Мусирепова пайдаланылған әдебиеттерді, аудан облыстардан келіп түскен нұсқаулықтардан түзілгенін айтып өтті.

Тәрбиешілерге тест тапсыруда сәттіліктер тілеп, тест нәтижелерімен танысып шығатындарын айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. Балабақшада жұмыстар толығымен жаңартылған мазмұнда жүргізілсін.
3. Тест нәтижесі қанағаттанарлы деп бағалансын.

Төрайымы: Г. Баймаганбетова

Хатшы: С. Мусирепова



№5 Хаттама

Кезектен тыс педагогикалық кеңес

Мерзімі: 24. 02. 2023ж

Қатысқандар саны: 22

Күн тәртібі.

1. Педагогикалық аттестаттаудан өткізу.

Сөзге шыққан балабақша меңгерушісі Г.Баймагамбетова ұжым мүшелерінің педагогикалық жетістіктерін ескере отырып

1. Исмайлова Айгерим- психолог
2. Мусирепова Салтанат- әдіскер
3. Султанова Оразкул- тәрбиеші
4. Мирбекқызы Қанекей- тәрбиеші

портфолияларын аттестаттау комиссиясына жіберілуін атап өтті. Аталған ұсынысты жиналыс қатынасшылары толығымен мақұлдады.

Педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім:

1. Педагогикалық саласындағы жетістіктерін ескере отырып, жоғарыда аты аталған педагогтардың портфолиясы аттестаттау комиссиясының , сараптама кеңесінің қарауына жіберілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Г.Баймагамбетова

С.Мүсірепова.